

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (3)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбай Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешимхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuilleminot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S.



ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhу
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 3, pp. 582-593, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 17.71.91
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_3_582-593

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР

Набиолла Насихат¹, Ошан Жанымхан²


¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (әл-Фараби даңғылы, 71-үй, 050038, Алматы, Қазақстан Республикасы)

PhD докторанты

 <https://orcid.org/0000-0001-9832-8028>. E-mail: nasihat_83@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Шевченко көш., 28-үй, 050010. Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: zhan918@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Набиолла Н., Ошан Ж., 2023

Андатпа. *Kіріспе.* Қазақстан аумағынан тысқары өмір сүріп жатқан этникалық қазақтардың тарих қойнауынан бүгінге жеткен теңдессіз мол халықтық мұрасы бар. Сол мұраның үлкен кеніші Қытайдағы қазақтар арасында сақталған. Бұл мұралар қазақтың тілін, мәдениеті мен әдебиетін, ұлтымыздың өткен кезеңдердегі тарихын зерттеуде аса құнды дерек көзі саналады. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Қытай қазақтары арасында сақталған фольклорлық мұралардың жиналу тарихы мен жариялану барысына, ондағы зерттеуші ғалымдардың осы тақырыпта жазылған еңбектеріне жан-жақтылы тоқталып, қысқаша шолу жасау; Тарихи жырлар мен аңыздардың сюжеттік, мотивтік ерекшеліктерін зерттеу; Тарихи жырлар мен аңыздардағы кейбір тарихи элементтерге шолу жасап, оның тарихи оқиғалармен арақатынасын талқылау. Қытайдағы қазақтар арасында тараған фольклорлық мұраларға бүгінгі күннің ғылыми әдіс-тәсілдерімен зерттеу жүргізудің маңыздылығына тоқталып, оның тарихи тұлғаларды танудағы деректік құндылығы көрсетілді. *Нәтижелер.* Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұрасындағы Абылай хан келбеті – қазақтың елі мен жерінің бір тұтастығы жолында аянбай еңбек еткен, барша қазақтың басын қосып, Қазақ хандығының көрші елдерімен арада қалыптасқан күрделі байланыстарын шеберлікпен шеше білген, ел ішінің ішкі береке-бірлігін сақтап, ел еңсесін тіктеуге үлкен үлесін қосқан, аса көрнекті тарихи тұлға ретінде сипатталған. *Қорытынды.* Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұрасында Ұлы тарихи тұлға – Абылай ханға байланысты туып, халық арасында ғасырлар бойы тарап бүгінге жеткен жырлар мен аңыздар бар. Ондай мұралардан «Сабалақ», «Абылай», «Абылай хан... ақ атан», «Ел қорғаны – Ер Абылай», «Абылай туралы аз сөз» тағы басқа тарихи мұраларды атап көрсетуге болады.

Түйін сөздер. Абылай хан, тарихи аңыз, тарихи жыр, фольклорлық мұра, Қытай қазақтары, мәтін, сюжет, мотив.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Абылай, Уәли және Бөкей хандардың мемлекеттік қызметінің зерттелмеген кезеңдері (сирек



мұрағаттық және фольклорлық деректер бойынша)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 19680406).


Дәйексөз үшін: Набиолла Н., Ошан Ж. Қытайдағы қазақ фольклоры: Абылай ханға байланысты тарихи жырлар мен аңыздар // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 3. 582-593 б. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_582-593

KAZAKH FOLKLORE IN CHINA: HISTORICAL EPICS AND LEGENDS ASSOCIATED WITH ABYLAI KHAN

Nabiolla Nassikhat¹, Oshan Zhanymkhan²


¹Al-Farabi Kazakh National University (71 al-Farabi Ave. 050038, Almaty, Republic of Kazakhstan)

PhD student of Kazakh National University named after Al-Farabi

 <https://orcid.org/0000-0001-9832-8028>. E-mail: nasihat_83@mail.ru

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: zhan918@mail.ru

Annotation. *Introduction.* Ethnic Kazakhs living outside the territory of Kazakhstan have an incomparably rich folklore heritage from the depths of history to the present day. A large storehouse of this heritage has been preserved by the Kazakhs in China. These heritages are considered a very valuable source of information in the study of the Kazakh language, culture and literature, as well as the history of our people in past periods. *The purpose and objectives of the study* are to briefly review the history of the collection and publication of the folklore heritage preserved by the Kazakhs in China, the works of research scientists written on this topic; The study of the plot and motive features of historical songs and legends; Consider some historical elements in historical songs and legends and discuss their connection with historical events. The importance of researching the folklore heritage, common among the Kazakhs in China, using modern scientific methods is emphasized, its documentary value in recognizing historical figures is shown. *Results.* The image of Abylai Khan in the folklore heritage of the Chinese Kazakhs is a person who worked tirelessly for the sake of the unity of the Kazakh country and region, united all Kazakhs, skillfully resolved complex relations between the Kazakhs and neighboring countries, supported the internal well-being of the country, and made a great contribution to the development country and described as a very prominent historical figure. *Conclusion.* In the folklore heritage of the Kazakhs in China there are epics and legends that originated in connection with the Great historical figure - Abylai Khan, which have spread among the people over the centuries and have survived to this day. Among such legacies, one can single out “Sabalak”, “Abylay”, “Abylay khan ... ak atan”, “El qorgany - Er Abylay”, “A few words about Abylai” and other historical heritage.

Keywords. Abylai Khan, Kazakhs in China, historical legend, historical epic, folklore heritage, text, plot, motive.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Unexplored stages of the state activities of the khans Abylai, Uali and Bokey (based on rare archival and folklore sources)» (Registration number AP 19680406).

For citation: Nabiolla N. Oshan Zh. Kazakh folklore in china: historical epics and legends associated with Abylai khan // Otan tarikhy. 2023. Vol. 27. No. 3. Pp. 582-593. (In Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_2_582-593

КАЗАХСКИЙ ФОЛЬКЛОР В КИТАЕ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ И ЛЕГЕНДЫ, СВЯЗАННЫЕ С АБЫЛАЙ-ХАНОМ

Набиолла Насихат¹, Ошан Жанымхан²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби (проспект Аль-Фараби, 71, 050038, г. Алматы, Республика Казахстан)



PhD докторант Казахского национального университета имени Аль-Фараби

<https://orcid.org/0000-0001-9832-8028>. E-mail: nasihat_83@mail.ru

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (ул. Шевченко, д. 28. 050010. Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: zhan918@mail.ru

Аннотация. *Введение.* Этнические казахи, проживающие за пределами территории Казахстана, имеют несравненно богатое фольклорное наследие из глубины истории до наших дней. Большой кладезь этого наследия сохранился у казахов в Китае. Эти наследия считаются очень ценным источником информации при изучении казахского языка, культуры и литературы, а также истории нашего народа в прошлые периоды. *Цель и задачи исследования* заключаются в кратком рассмотрении истории сбора и публикации фольклорного наследия, сохранившегося у китайских казахов, работ ученых-исследователей, написанных на эту тему; Изучение сюжетно-мотивных особенностей исторических песен и легенд; Рассмотреть некоторые исторические элементы в исторических песнях и легендах и обсудить их связь с историческими событиями. Подчеркнута важность исследования фольклорного наследия, распространенного среди казахов в Китае, с использованием современных научных методов, показана его документальная ценность в распознавании исторических личностей. *Результаты.* Образ Абылай-хана в фольклорном наследии китайских казахов – это человек, который неустанно трудился во имя единства казахской страны и края, объединял всех казахов, умело разрешал сложные отношения между Казахским ханством и соседними странами, поддерживал внутреннее благополучие страны, и внес большой вклад в развитие страны и охарактеризован как очень выдающаяся историческая личность. *Выводы.* В фольклорном наследии китайских казахов есть эпосы и легенды, зародившиеся в связи с Великой исторической личностью – Абылай-ханом, распространившиеся в народе на протяжении веков и дошедшие до наших дней. Среди таких наследий можно выделить «Сабалак», «Абылай», «Абылай хан... ак атан», «Ел қорғаны – Ер Абылай», «Несколько слов об Абылае» и другие исторические наследия.

Ключевые слова. Абылай-хан, китайские казахи, историческая легенда, исторический эпос, фольклорное наследие, текст, сюжет, мотив.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Неисследованные этапы государственной деятельности ханов Абылая, Уали и Бокея (на основе редких архивных и фольклорных источников)» (регистрационный номер: АР 19680406).

Для цитирования: Набиолла Н., Ошан Ж. Казахский фольклор в Китае: исторические эпосы и легенды, связанные с Абылай-ханом // Отан тарихы. 2023. Т. 27. № 3. С. 582-593. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_2_582-593

Кіріспе. Қытай Халық Республикасында 2012 жылғы бүкіл қытайлық ресми халық санағы бойынша бір миллион төрт жүз мыңның үстінде қазақтар өмір сүріп отырғаны мәлім болды. Қазақтар қоныстанған Шыңжаңның солтүстік бөлігі, соның ішінде Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтары қазақтардың тарихи ата қонысы саналады. Сол өлкелерден табылған сақ, ғұн, үйсіндердің археологиялық қазба деректері мен көне түркі дәуірінен қалған сынтастар, балбалтастар мен эпиграфикалық ескерткіштер соның дәлелі саналады.

Алайда Қазақ хандығы жойылып, қазақтар өз мемлекеттілігінен айрылғаннан кейін Қазақ даласы Ресей мен Цин империясы тарапынан бөліске түсті. Екі алып империя арасында қол қойылған келісім-шарттардың қатысты тармағында көрсетілген «Жер қайсы мемлекетке бөлінсе, онда отырған адамдар жермен бірге сол мемлекеттің басқаруында болады» деген нормаларға сәйкес қазақтар өз жерінде отырып екі мемлекетке бөлініп қалды. Кейін келе патшалық Ресей мен Кеңес одағының қанішер билігі жүргізген түрлі зорлық саясатына байланысты қазақтардың өз жерінен босып кетуіне байланысты қытайдағы қазақтардың саны артып отырды. Соның ішінде 1916 жылғы ұлтзаттық көтеріліс, 1928-1933 жылдардағы ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы сталиндік қуғын-сүргін тұсында жан сауғалап Қытайға босып барған қазақтардың саны ауқымды болды. Әйткенмен қытайдағы қазақтар күні бүгінге



дейін өзінің ділін, тілін, дінін сақтап келеді. Сөйтіп олар өздерінің атадан қалған ескі фольклорлық мұраларын да бүгінгі күнге жеткізді.

Қазірге дейінгі Қытайдағы қазақ баспасөзінде жарияланған фольклорлық еңбектердің мазмұнына назар аударатын болсақ, онда фольклордың барлық жанры сақталғанын көреміз. Мысалы: миф, аңыздар, ертегілер, батырлық жырлар, тарихи жырлар, ғашықтық жырлар, дастандар, жаңылтпаш, жұмбақ, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, айтыс, шежіре, ғұрыптық фольклор (той бастар, сарын, жар-жар, сыңсыма, көрісу, беташар, естірту, жоктау), маусымдық ғұрып фольклоры (наурыз жырлары, егіншілік жырлары, т.б.), төл телу жырлары (бес түлікке байланысты) осылардың барлығы түгелдей сақталған. Бұл жанрларға жеке-жеке тоқталып, кешенді зерттеулер жүргізу әрине алдағы уақыттың еншісінде деуге тура келеді.

Материалдар мен әдістер. Тақырыпты зерделеудің ең негізгі дереккөздері ретінде қытай қазақтарының 1980-2012 жылдар аралығындағы фольклорлық мұралардың жиналуы, жариялану шаралары кезінде атқарылған жұмыс нәтижелерін көрсетеміз. Бұл жылдары ел арасынан жиналған фольклорлық мұралар, «Ұлттар баспасы» мен «Шыңжаң халық баспасынан» жеке-жеке кітап болып шықты. Сонымен бірге мерзімді басылымдарда яғни, газет-журналдарда жекелеген кісілердің жинаған материалдары, ел аузынан естігендері жарық көріп тұрды. Соның ішінде Шыңжаң халық баспасы мен Іле халық баспасы бірлесіп баспадан шығарған, әр томның көлемі елу баспа табақ болатын, 25 томдық «Халық ауыз әдебиетінің қазынасы» атты серияны ерекше атауға болады. Қытай қазақтары арасында сақталған Абылай ханға байланысты тарихи жырлар мен аңыздар Қазақстанда да баспадан шығарылып келеді. Оның ең бастысы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты тарапынан шыққан жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының 10 томынан (23-томнан 32 томға дейін) орын алды. Онда жырлар – көне, батырлық, тарихи, ғашықтық жырлар мен дастандар бар. «Бабалар сөзінің» бір томы «Қытайдағы қазақтардың қара өлеңіне», тағы бір томы «Қытайдағы қазақтардың жұмбақтарына» арналды. Бұдан басқа томдарында Қытай қазақтары фольклорлық мұралары «Бабалар сөзінің» 56-, 57-, 58-, 59-, 73-, 74-, 86-, 87-, 91-, 100- және басқа томдарына да енгізілді. Сондай-ақ Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы тарапынан, қоғамдық қорлар мен жекелеген тұлғалардың ат салысуымен Қазақстанда жарық көрген жинақтарда бар. Зерттеу әдістері – зерттеуде фольклорлық ескерткіштерді зерделеуде қолданылатын тарихи, деректемелік, филологиялық, текстологиялық, хронологиялық және салыстырмалы зерттеу әдістер қолданылды.

Талқылау: Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұраларының жиналуы мен жариялануын төмендегі бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады.

XVIII-XIX ғасырлардағы фольклорлық мұралардың жиналуы мен жариялануы. Бұған Цин патшалығы дәуіріндегі мәнжу билеушілерінің қазақтарды басқару мақсатында қолға алған шараларын атап көрсетуге болады. Соның бірі – олардың қазақтардың дәстүрлі рулық жүйесін өздерінің саяси, әкімшілік басқаруының қажетіне асыру үшін қазақ шежірелері мен шежірелік деректерін жинауы болды. Сол кезде жиналған қазаққа қатысты шежірелер мен шежірелік деректер Қытай астанасындағы мұрағат қорларында күні бүгінге дейін сақтаулы тұрғаны белгілі.

Мұндай шежірелер мен шежірелік деректерді жинауды Ресей ғалымы Г. Потанин де қолға алды. Г. Потаниннің «Батыс солтүстік Моңғолия очерктері» атты еңбегінде қазақ руларының шежіресі сөз болады. Г. Потанин Қытайдағы Алтай өңірінде, соның ішінде Буырлытоғай ауданы аумағындағы Үліңгір көлі маңын қоныстанған қазақ ауылдарында болған, әрі түрлі деректерді хатқа түсірген. Ол хатқа түсірген мәліметтерде керей, найман руларының құрамы мен таралуы, олардың жорықтарда шақыратын ұраны, орналасқан жерлері туралы мәлімет сақталған.

Қытай қазақтары фольклорлық мұраларының баспа бетінде жарық көрген, ел арасында қолжазба күйінде тараған нұсқалары да бар. Мұндай жәдігерлер ретінде Құрбанғали Қалиди, Ақыт Үлімжіұлы, Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Арғынбек Апашпайұлы, Көтбай Көшкіншіұлы, Әсет Найманбаев, Көдек Маралбаев, Төлеубай Бөжекұлы, Жанұзақ Әріпжанұлы, т.б. еңбектерін атауға болады.

XX ғасырдың 1930-1980 жылдар аралығындағы фольклорлық мұралардың жиналуы мен жариялануы. Бұл кездерде мұралардың жиналуы кең ауқымды емес, белгілі бір адамдардың ат салысуымен жиналып, жарияланып отырған. Мұнда Асқар Татанайұлының «Ерікті Алтай»



газетіне, «Жаңа Алтай» журналына жариялаған дүниелерін атауға болады. Ол 1938 жылдан бастап жиған халық әдебиеті туындыларымен қатар өз шығармаларын да жариялаған. Қазақтың тарихи жырларын, дастандарын көптеп жинап, олардың шығу төркіні туралы мақалалар жазған.

Бұдан өзге Дубек Шалғынбаев қытай тіліне аударған «Қыз Жібек операсы» мен оның басқа да еңбектерін, Нығымет Мыңжани жинап, жариялаған фольклорлық мәтіндерді («Қазақтың мифтік аңыздары» атты кітап, т.б.), Қаусылқан Қозыбаев жинап жариялаған аңыз, ертегілерді, Арғын Қанапияұлы, Рахымедолла Әпшеұлы, Оразбек Қанапин, Күнгеі Мұқажанұы еңбектерін атауға болады. Осы кезеңде «Қос қобди» (1957 ж.), «Ертегілер» (1958 ж.), «Ертегілер мен аңыздар» (1958 ж.), т.б. жинақтар жарыққа шықты.

Әйткенмен ертелі-кеш жиналған фольклорлық мұралардың дені гоминдаң үкіметінің зиялыларды қудалап, оларға тінту жүргізген кезде және өткен ғасырдың 60-70 жылдары жүргізілген «Мәдени төңкеріс» кезінде отқа жағылды, жыртылды, тозып жоғалды.

1958 жылы Шыңжаң халық баспасынан шыққан Қаусылқан Қозыбаевтың «Ертегілер мен аңыздар» деген кітабында ұзын саны жиырмаға жуық ертегілер мен аңыздар топтастырылған. Ол өзі құрастырған осы кітаптың алғы сөзінде: «Еліміз азат болған күннен бастап, әр ұлт халықтарының баспасөз еркіндігі өз қолына берілді. Сол күннен бастап біздің көрінісі ұлттық, мазмұны социалистік жазба әдебиетіміз едәуір етек алды. Бірақ ұлттық әдебиетіміздің негізі болған халық ертегілері мен аңыздарына бүгінге дейін көңіл бөлуіміз шамалы болды. Сондықтан осы бір жағдайды еске ала отырып, қалам ұстап жүрген азаматтарымызға осы қымбатты қазынаның мұрагері болуын ерекше ескерткім келеді», – деп жазды (Қозыбаев, 1958: 1).

Қорыта айтқанда қытайдағы қазақтардың арасында тараған тарихи жырлар мен аңыздар негізінен өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бері қарай толық қағазға түсе бастады. Одан бұрын жиналған материалдардың дені «қайта құру», «стиль дұрыстау» «Мәдениет төңкеріс» кезінде жойылды. Мәдениет төңкеріс кезінде ұлт зиялылары қудаланып, халық мұраларын «көненің қалдығы» ретінде өртеп жіберді. Сол кездегі науқаншылдықты халық мұрасын жинаушы, ақын-жазушы А.Татанайұлының өз басынан өткен жағдайлармен де байланыстыра көрсетуге болады. «1958 жылы жүргізілген «оңшылдарға қарсы күресте» басыма «әдемі қалпақ» киіп, «Мәдениет зор төңкерісі» кезінде өмірден көше жаздадым. Жиған-тергендерімнің бәрі «төрт көне» ретінде өрттеле бастады. Мен талай-талай таңды ұйқысыз атырдым, жиған-тергенімді өртке жібермей, дауылға бермей сақтап қалуға бекідім. Бірақ қалай сақтаудың өзі де мүшкіл еді... қайтыс болғанына екі ай болған әйелімнің қабіріне сандықша тұрғызып, белгі орнатамын деген сылтаумен бір күндік рұқсат алып, екі қап топанның арасына бар қағазымды салып жолға шықтым. Сәтіне басқанда мені ешкім тінітпеді және қорған басына менен басқа жан бармады. Сонымен әйелімнің қабірінің жанынан ептеп жүріп орын шығардым да, кітап-қағазды су тиместей етіп көміп, жан жолдасымның аруағына тапсырып үйіме оралдым... 1968 жылы 8 айда көмілген бұл мұралар мен шығармаларымды 1978 жылы он жыл екі ай өткенде қайта қазып алдым», – деп жазды А. Татанайұлы (Татанайұлы, 1987: 4-5). Асқар Татанайұлы ел аузынан естіп-біліп, көп жыл бойы көкейге түйген деректерді «Тарихи дерек, келелі кеңес» атты зерттеу еңбегіне енгізген. Осындай ұлт мұрасын сақтап қалуды ойлаған аға буын тұлғалар мұраларымызды жасырып, сақтағанының арқасында ұлт игілігіне қайта жол тартты. Солардың бір шоғыры – тарихи жырлар мен аңыздар болды. Оның ішінде Абылай ханға қатысты ауқымды деректер бар.

XX ғасырдың 1980-2000 жылдардағы фольклорлық мұралардың жариялануы. Бұл жылдары «Мәдениет төңкерісі» кезінде ойраны шығып құрып-жоғалған, өртелген мұраларды қайта жаңғыртуға күш салды. Қытай Халық Республикасы бойынша біртұтас рухани мәдениетке, халықтың фольклорына мән беру кең көлемде етек ала бастады. Бұған Қытай мемлекеттік фольклор зерттеу одағының төрағасының орынбасары, профессор Цзя Чжэ түрткі болды. Оның 2-кезекті мемлекеттік халық ауыз әдебиетшілері құрылтайында: «жалпы беттік жинау, түйінді түрде зерттеу жүргізу, халық арасында жалпыластыру, зерттеуді жұмыстарын тыңғылықты түрде жүргізу; халық ауыз әдебиетімен шұғылданатын мәдени мекемелерді тез арада қайта жасақтау, толықтырып байыту, халық ауыз әдебиетімен шұғылданатын мамандардың санын арттыру; халық ауыз әдебиетінің материал музейін құру; шетелдермен барыс-келісті, ғылыми ауыс-түйісті күшейту, – деген міндеттерін алға қойып, осы бағытта



жұмыстарды қолға алуға нақты тапсырма беруі серпін берді (Цзя Чжэ, 1984: 750-756). Осы жолғы құрылтайда алға қойған тапсырмаларды орындау нәтижесінде «Ертегілер» (1980 ж.), «Қазақ жұмбақтары» (1980 ж.) секілді фольклорлық жанрлар топтастырылған жинақтар жарыққа шықты; «Шалғын», «Алтай аясы», «Мұра», «Іле айдыны», «Тарбағатай», «Шұғыла» журналдары шыға бастады.

Сонымен бірге кең ауқымда қолға алынып, бүкіл ел болып аттанысқа келген шара ретінде әр ауданнан шыққан «Төрт топтама» атты сериялы кітаптарды айрықша айтқан жөн. Өйткені Қытай Халық Республикасында орын алған «он жылдық алапатта» біраз мұралардың көзі жойылған болатын. Өткен ғасырдың 80 жылдарына жеткенде кешегі солақай саясат кезінде орын алған зардаптардың орнын қайта толтыру шұғыл қажет болды. Дәл осы мақсатта 1984 жылы орталықтан бір тұтас қаулы шығарып, халық мұраларын жинауды қолға алуға тапсырма берілді. Осы орайда Қытайда үш топтама негізінде «Халық өлеңдерін», «Аңыз-ертегілерін», «Мақал-мәтелдерді» жинау жұмысы басталды. Осы мүмкіндіктерді мықты игерген сол кездегі қазақ зиялылары, «Қазақ қисса-дастандары» деген тағы бір топтама қосып, жалпы төрт кітап дайындау негізінде жұмыс атқара бастаған. Осы ізгі бастамаға сәйкес қазақ фольклорлық мұраларының жүзге жуық томы баспадан жарық көрді (Қазақтар қоныстанған барлық аудан шығарған топтамаларды қосқанда). Осы реткі ғылыми бастама кезінде белсенді, ұтымды жұмыс істеп, қаржыны тиімді пайдаланған аудандар төрт-бес томдық жинақ шығарса, қаржыны игере алмаған, жақсы жұмыс істей алмағандар бір не екі томды ғана шығарумен шектелген. Кей аудандарда бұл жұмыс мүлде жасалмай, ешқандай кітап шықпаған. Осы топтамаларда орын алған кейбір кемшіліктер туралы Б. Кәсейұлы өзінің нақтылы тұжырымдарын ұсынған-ды. Ол: «Төрт топтамада» аңыздар мен ертегілердің, қиял-ғажайып ертегілері мен мифтердің типологиясын айқын ажырата алмағандықтан бір-бірімен араласып кеткендігін, алайда бұған бола жинаушыларды кінәлауға болмайтындығын, себебі фольклортану ғылымының Қытайдағы қазақтар арасында кешірек ғылыми арнаға түскенін айтып кетті (Кәсейұлы, 2010: 30).

Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұраларын жинау мен жариялауда ерекше үлес қосқан – «Шалғын» журналының ұжымы болды. Олар ауыз әдебиеті үлгілерін жариялау мақсатында бірнеше бағытта еңбек етті. Атап кетер болсақ, журналдың 1980 жылғы шыққан № 1 санында Зейнолла Сәнікұлының «Әдеби мұра жөнінде» деген мақаласы жарияланған. Мақала журналда жарияланатын материалдардың жанрлық түрлерін анықтап, төмендегідей жіктеп көрсеткен:

«Халық аңыз-ертегілері. Мұнда қамтылатын мазмұндарға: тарихта өткен батырлар туралы аңыздар, топономикалық аңыздар, ертегілер, күй аңыздары, мақал-мәтелдер; шығыстық қисса-дастандар әсерімен шығарылған фольклорлық мұралар. Мысалы, «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Тотынама», «Қырық уәзір», т.б; шешендік туралы әңгімелер. Жиренше, Алдар көсе, Қожанасыр әңгімелері; би-шешендердің айтқаны; халық өлеңдері, халық әндері. Оларға айтыс өлең, жар-жар, қоштасу, тақпақ, сыңсыма, жоқтау, беташар, шілдеhana өлеңі, естірту, қара өлең, тау өлең, балық өлең, жұмбақ өлең, өтірік өлең, ата өлең, бәдік өлең, жас туралы, төрт түлік мал туралы өлеңдер, жарапазан, ай, күн, жыл туралы өлеңдер, т.б.; таяу заманда жасаған ақын мұралары. Мысалы, Әсет, Таңжарық, Ақыт, Көдек, т.б.». Осыларды айта келе автор тағы: «Назар аударуға тиісті кейбір жәйт бар: әдеби мұраларға көбінде діни сарындар сіңген. Кезінде солай болуы табиғи құбылыс. Сондықтан әдеби мұралардағы діншілдік, тағдыршылдық көзқарастар мен сөздерді, материалдарды жинағанда беталды өзгертпеу керек. Мүмкіндігінше түпнұсқаны сақтап, бұрынғы қалпында жазып алып, зерттейтін материал ретінде сақтау керек» (Сәнік, 1980: 99-111).

«Шалғын» журналы 1980-1987 жылдар аралығында бас-аяғы жеті жыл шығып тұрды. Біз «Шалғын» журналының жеті жылдық санына негізделсек, осы жеті жыл ішінде журналға Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұраларының 400-ге жуық нұсқасы жариялан.

Өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап осы бағытта жұмыс істеген келесі бір журнал «Алтай аясы» журналы болатын. «Алтай аясы» журналының 1980-1984 жылдары аралығында жарық көрген сандарында жарияланған мазмұндарға негізделсек, аталған жылдары онда жалпы жиыны 108 қазақ фольклорлық мұраларының үлгісі жарияланғанын көреміз. Мұнда «Мың бір түн», «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Мақал-мәтелдер», «Жұмбақ-жаңылтпаштар»,



«Аңыз-ертегілер», «Тарихи жырлар» мен «Халық өлеңдері» бар. Атап айтқанда журналға қазақ фольклорының әр түрлі жанры жарияланып отырған.

Қытайдағы қазақтардың халықтық мұраларын жинау мен жариялауда күні бүгінге дейін өз үлесін қосып келе жатқан тағы бір журнал ретінде «Мұра» журналын айтуға болады. Журнал 1982 жылдан бастап өз жұмысын бастаған еді. Алайда, кейін келе қатысты мекемелер тарапынан бір-бірімен мазмұндас, көтерген жүгі мен атқаратын міндеттері ұқсас басылымдарды біріктіру туралы тапсырма түседі. Осыған байланысты «Шалғын» журналы 1987 жылы ресми түрде жабылады. Сөйтіп «Шалғын» журналының міндеті «Мұра» журналына жүктеліп, екі журналдың жүгін бірге көтере бастайды. Бір тәуірі «Мұра» журналы күні бүгінге дейін жарық көріп келеді. Бізге белгілі болғанындай 2014 жылға дейін журналдың 156 саны жарық көрді. Онда Қытай қазақтары фольклордың әртүрлі жанрының мыңға тарта нұсқасы жарияланған. Бұл қатарда біз журналға жарияланған мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш т.б. ұсақ жанрларды есепке алмағанымызды, тек ауқымды дүниелерді ғана есепке алғанымызды ескертеміз.

2012 жылы баспадан шыққан «Мұра» журналының индексіне негізделсек «Мұра» журналына қытай қазақтарының фольклорлық мұралары ғана емес, сол елдегі қазақтардың фольклорлық, этнографиялық зерттеулері де тұрақты түрде жарияланып тұрған (Мұра журналының 30 жылдық индексі, 2012).

Жоғарыда көрсетілген журналдарда және айтулы «Төрт топтамада» жарияланған мұралардың таңдамалы үлгілері арнаулы серияда жарық көрді. Бұлардың ең бастылары ретінде: «Қазақ қиссалары» (18 том), «Ғашықтық жырлар» (8 том), «Ертегі-аңыздар» (4 том), «Шежіре» (3 том), «Айтыстар» (6 том), «Шешендік сөздер» (4 том), «Мақал-мәтелдер» (2 том) деген атпен баспадан жарық көрген еңбектерді атауға болады. Бұдан сырт «Ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар (жинақ)» (1984 ж.), «Қазақ әдебиет тарихының таңдамалы үлгілері» (1985 ж.), «Қазақ ауыз әдебиеті туралы» (1985 ж.), «Ауыз әдебиеті тарихы» (1988 ж.), «Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.1.» (2011), т.б. зерттеу еңбектері де баспадан шықты.

Жоғарыда көрсетілген Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұраларын жинау мен жариялауда және оны зерттеп-зерделеу жолында көп еңбек еткен қазақ ғалымдардың бірі әрі бірегейі – Нығымет Мыңжанұлы болатын. Ғалымның Шыңжаңдағы әр ұлт фольклортанушы ғалымдары бас қосқан конференцияда оқыған «Қазақ фольклоры және оның қисса-дастандары жайында» атты баяндамасында қазақ фольклорлық мұрасының жинау және оны сақтау принциптеріне тоқталған кезде: «Бір шығарманың әр алуан варианттарын түгел жинауға көңіл бөлуіміз тиіс. Бұл реттеу және зерттеу жұмысын жүргізуге аса пайдалы. Бір вариантты құптап, екінші вариантты мәнсұқ етуге, немесе алуан вариантты араластырып құрақ құрауға болмайды. Әрине жариялауда, жиналған варианттардың ең жарамдысын жариялап, басқаларын реттеп, нөмірлеп, қолжазба қорында сақтау тиіс» – деп атап көрсетті (Мыңжани, 2012: 6).

Дей тұрғанмен біз ғалым ұсынған бұл принциптің көп жағдайда сақталмағанына куә боламыз. Олай дейтініміз, кейбір жариялаушылар бір батырға байланысты туған бірнеше фольклорлық мұраны реттеп, көлемді мәтін дайындағанын кездестіреміз және мұндай жәйтті сол мәтін туралы берген сипаттамасы мен түсініктемесінен де анық көре аламыз. Мұндай қадамға баруды біз фольклордың табиғатын түсінбеуден туған қателіктер мен келеңсіздік деп санаймыз.

Нығымет Мыңжанұлының жоғарыдағы пікіріне сабақтас ойды Қабден Балықшыұлы да дәріптеген. Ол: әдебиет, көркемөнер мұраларын жинағанда ұнамды-ұнамсыздарын түгел жинау керек, бұлай деуіміздің себебі мынадай: мұраларымызды жинау арқылы бірінші қол материалдарға ие болу; әдебиет, көркемөнер мұраларымыз тарихымыздың құрамдас бөлігі; жақсы-жаманын айырмай жаппай жинау дегеніміз – мұраны жинау барысында бірден парықтауға болмайды, жиналған мұраларға байланысты анықталады; әдебиет, көркемөнер мұраларымызды тез, жаппай жинауды талап етіп отырған тағы бір шұғыл жағдай бар. Қазақтың арғы тарихында жазба мәліметтер тапшы... әдебиет-көркемөнер мұраларымызға «көне», «сары», «шеттік», «феодалдық», «социализмге жат» дейтін қалпақтарды үсті-үстіне кигіздік те сол себепті өз сарыны бойынша ұрпақтан-ұрпаққа көшуден қалды. Қазір ол дүние салған қарттармен бірге көрге түсіп жатыр, – деген пікірді көтерді (Балықшыұлы, 1984: 245-251). Жоғарыдағы пайымдаулардан біз Қытайдағы қазақ ғалымдарының халық мұрасын жинауға ерекше назар аударып келгенін көре аламыз.



Қытайдағы қазақтардың арасында кең тараған тарихи жырлар мен аңыздарды мазмұнына қарай үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа, қазақ халқы біртұтас ел болып, іргесі бөлінбей тұрған тұстағы, яғни Қазақ хандығының құрылуынан тартып, Абылай хан билік басында болған дәуір аралығында болған тарихи оқиғаларды баяндайтын жырлар мен аңыздарды жатқызудың болады. Бұлардың көбі қазақтардың біртұтас ел ретінде қалмақ-жоңғар шапқыншыларына қарсы жасаған ерлік шайқастарын арқау еткен тарихи туындылар саналады. Онда Абылай хан, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Жәнібек батыр тағы басқа да қазақ хандары мен батырларының бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, сыртқы жауға қарсы тұрғаны, жоңғар шапқыншыларына қарсы тұру кезінде Абылайдың төңірегіне топтаса білгені жырланады. Бұл елдің бірлігін, ерлердің ерлігін жырлайтын мұралар саналады.

Екінші топқа Қытай мен Ресей екі ел арасында шекара сызығы тартылып, жермен бірге ел де бөлінген дәуір басталғаннан кейін пайда болған тарихи жырлар мен аңыздар жатады. Бұл топтағы мұраларды тағы екі топқа бөліп қарастыруға болады (Сәмیتұлы, 2000: 19). Оның біріншісі XIX ғасырдағы тарихи жырлар мен аңыздар. Бұл топқа «Арқалық батыр», «Демежан батыр», «Тәуке батыр», «Боқы батыр» т.б.; екіншісі XX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамдық-саяси жағдайды бейнелейтін жырлар мен аңыздар. Мұндай тарихи жырлардан «Бөке батыр», «Дүңген көтерілісі», «Есімхан-Ырысқан көтерілісі», «Үркін-қорқын» қатарлылар бар.

Осы екі топқа жататын тарихи жәдігерлер мазмұнында XV-XVIII ғасырлардағы бір тұтас қазақ елінің жағдайы, сондай-ақ, XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қытайдағы қазақтардың басынан өткен тарихи оқиғалар суреттелген. Мұнда өзінің мемлекеттілігінен айрылып жат елге бодан болған қазақтың тұрмыс-тіршілігі, елдің басына түскен қоғамдық-саяси ауыртпалықтар, ел ішінде орын алған араздық, оны сыртқы күштердің өз пайдасына асыруы сынды аса күрделі жағдай баяндалады. Соның ішінде көрші халықтармен арада орын алған жаугершілік жағдай да батырлық жырларға арқау болады. Жоңғар хандығы жойылып, айтулы хандық тарих сахнасынан кеткенімен, олардың орнында қалған қалдықтары дәрбіт, ұранқай, торғауыт т.б. тайпалар қазақтармен қоныстар отырды. Осыған байланысты екі халық арасында атыс-шабыс, барымта-сырымта, жайылымдық жерлерге талас-тартыс жиі орын алып отырды. Мұндай жағдай «Арқалық батыр», «Тәуке батыр», «Боқы батыр» жырларына арқау болған.

Нәтижелер. Жоғарыда аталған жырлар мен аңыздарда Абылай ханға қатысты біраз мазмұндар сақталған. Мақаланың көлемін ескере отырып оларды зерттеуді алдағы уақыттың еншісіне қалдыруымызға тура келді. Сөйтіп біз Қытайдағы қазақтар арасында туып, сол ортада тараған Абылай ханға ғана байланысты тарихи жырлар мен аңыздардың жиналуы мен жариялануына, оның сюжеттік, мотивтік өзгешеліктеріне қысқаша тоқталып, ондағы кейбір тарихи деректерге жеке тоқталамыз.

Абылай ханға қатысты тарихи жырдың бірі – «Сабалақ» атты тарихи жыр. Жырлаушысы: Қали Әділбеков, жинаған Әнуэр Қоңқақұлы. Бұл еңбек алғаш рет 1984 жылы Қытай астанасы Бейжің қаласындағы «Ұлттар» баспасынан шыққан «Қазақ қиссаларының» 2 томында жарияланды (Қазақ қиссалары. Т.2. 1984: 288-306). Айтулы жыр 1992 жылы «Дәрбілжін ауданының қисса-дастандары» деген кітапта қайта жарық көрген. Баспаға ұсынған Асқар Игенұлы (Дәрбілжін ауданының қисса-дастандары, 1992: 262-274).

Жыр кіріспесі бес шумақтан тұрады. Онда жырлаушысы Қали Әділбеков өзінің аты-жөнін айтып, өмірдің баянсыздығын, Ұлықпанды, Мұхаммед пайғамбардың досы Қалиды алған ажалдың уысынан ешкімнің де құтылып кете алмайтындығын жыр етеді.

Жыр мазмұны мынадай бірнеше эпизодтардан тұрады: Абылайдың әкесі Уәлидің өкпелеп нағашысы Қайып ханға барып, сонда жау қолынан қаза табуы; Абылайдың Төле бидің ауылына келуі; Төле бидің сынауы; Бөгенбайдың Абылайды би ауылынан алып кетуі; Шарышпен жекпе-жекке шығып оны жеңуі; Абылайдың өз аты-жөнін айтуы; Шақшақұлы Жәнібек батырға бата алуға баруы.

«Абылай» жыры. Бұл жырды жинап, баспаға ұсынған Шерияздан Сұлтанбайұлы. Бұл жыр алғаш рет 1985 жылы Қытай астанасы Бейжің қаласындағы «Ұлттар» баспасынан шыққан «Қазақ қиссаларының» 4 томында жарияланған (Қазақ қиссалары. Т.4., 1985: 1-84). Жыр кіріспеден, Шыңғыс ханның жорықтары мен ұрпақтары туралы шежіре жазылған. Басқа жырларда нағашы жұртына кеткен Абылайдың өз әкесі Көркемуәли деп көрсетілсе, бұл жырда қанішер Абылайдың әкесі Уәли деп баяндалады; өгей әкенің қорлығына шыдамаған



Абылайдың Тәшкеннен кетіп, Төле бидің ауылына келу жайы баяндалады; жоңғарларға қарсы жорыққа аттануға Төле биден бата сұрауы; Бидің қанат-құйрығы жетілсін деп жорыққа жібермеуі; Абылайдың ренжіп кетіп қалып, Темір байдың ауылына келуі; Темір байдың туыстарының «бай тоқалымен жақсы» деген сөзіне шыдай алмай, байдан бата алып жорыққа аттануы; жекпе-жекте қалмақ батыры Шарыштың басын алуы; жоңғарлардың Абылайды Өтеген батырмен бірге барымталап кетуі; Абылайдың ақыл-парасатымен жау қолынан босауы; хан тағына отыруы; Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек батырлардың портреті; Абылайдың Самарқанға барып қайтыс болуы; Ізбасты бидің Бұқарға естіртуі; Бұқардың ұзақ жоқтауы, т.б.

«Абылай хан... ақ атан». Жинап, баспаға ұсынған Ә.Нәбиұлы. Бұл жыр бірінші мәрте «Ұлттар» баспасынан 1991 жылы баспадан шыққан «Қазақ қиссаларының» 11 томында жарияланған (Қазақ қиссалары. Т.11., 1991: 90-125). Жыр мазмұны Абылайдың Төле бидің ауылына келіп «Сабалақ» атануы; Абылайдың түсінде «Ғайып ерен» аян беріп, «ақбас атанының басы қараған бағытта жорықтарын жалғастырса жеңіске жететіндігін, ал олай істемесе жеңілетіндігі туралы айтуы; Абылайдың жеңіске жеткен бір жорығында белгісіз біреудің Абылайдың дулығасын садақпен атып, оған қастандық болатынын ескертуі; ақбас атанның қастандық жасамақшы болған Мәлікті таптап өлтіруі; Абылайдың жансыздарға таңба басып, Қоқан ханына хат жолдауы секілді эпизодтардан тұрады.

«Ел қормалы – ер Абылай». Жырлаған: Асқар Татанайұлы (Тарихи жырлар. Т.1., 1995). Жыр мазмұны: Самарханнан елі шабылған Абылайды ұлы жүздің жеріне әкесінің адал құлы аман-есен жеткізуі; Төле бидің баланы тауып алып, оған «Сабалақ» деп ат қоюы; Төленің бәйбішесінің Сабалақтың текті адам екендігін біліп, «балаларымның өрісін тарылта ма» деп күндеуі; арғын руынан шыққан баласы жоқ Темір деген байдың Абылайды «тонды бала ғып» асырап алуы; Абылайдың Темір байдың малын барымталаған жоңғар батырының көзін жоюы; жоңғарларға қарсы соғыста Шарышты жекпе-жекте жеңуі; келесі бір соғыста Абылайдың аты болдырып, керей Жәнібек батырдың көк дөненін түсіп беруі және Жәнібектің жоңғардың екі батырының басын алуы; Шарыштың кегін алмақ болған Халдан ханның жасырын адам жіберіп, аңда жүрген Абылайды тұтқынға салуы; Абылайды қайтарып алуға үш жүз мың қазақ қолының жиналуы; Орыс патшалығы мен Цин патшалығының жоңғарларға хат жазып Абылайдың жанына араша сұрауы; Абылайдың сөзбен жоңғар ханын жеңіп, қызын қалыңсыз алып еліне аман-есен оралуы қатарлы сегіз эпизодтан тұрады.

«Абылай туралы аз сөз» атты тарихи аңыз. Аңызды Зәкиқан Омарұлы деген Алтай аймағы Жеменей ауданына қарасты Шалшықсай ауылының қарапайым тұрғыны сақтап келген. Жеменей ауданы Мәдениет мекемесінің қызметкері Шежауқан Зәкиханұлы жинап берген (Жеменей ауданының аңыз-ертегілері, 1991: 68-71). Аңыз мазмұны төмендегі бірнеше бөлімдерден тұрады. Әуелі жетім Абылай ел кезіп жүріп Төле бидің ауылына келіп бидің түйешісі болады; ел аралап жүрген Төле бидің жайылып жатқан түйесін көре кетуге жолшыбай түйешілер қосына барған кезде Абылайдың басынан секіріп ойнап жүрген екі бөріні көруі; Төле бидің Абылайды алдына шақырып алып, Шарышпен жекпе-жекке шығуына бата беруі; Абылайдың Шарышты жеңуі; Абылайдың шекара күзетіне шығуы, Қалдан ханның тұтқынға алуы; Абылайдың Қалдан ханның алдында үш арманын айтуы, сөзбен Қалданды жеңіп тұтқыннан босап шығуы.

Жоғарыдағы жырлар мен аңызға ортақ эпизодтар: Абылайдың бірде Самарқаннан, бірде Тәшкеннен Төле би ауылына келіп биді пана тұтуы, бидің кейде қойын, кейде түйесін, ал енді бірде жылқысын баққан бақташы ретінде көрінуі, оған бидің ат қоюы және Абылайдың Шарышты жекпе-жекте жеңуі, Абылайдың тұтқынға түсуі, тұтқыннан ақыл-айласымен босап шығуы. Бұлар аталған жыр мен аңыздың деніне ортақ. «Абылайдың тұтқынға түсуі туралы» аңыз да ел ішінде көп тараған. Осы аңыз Абылайға қатысты жырларда да көрініс тапқан. Абылайдың шын мәнінде тұтқынға болғаны тарихи құжаттардан да белгілі. Бұл оқиға туралы түрлі пікірлер бар. Солардың бірінде былай делінеді:

«Абылайдың тұтқынға түсуі туралы тарихшылар екі жылды, 1741 мен 1742 жылды атайды. Ал, құжаттардағы Абылайды босатып алу жөнінде 1742 жылдың тамыз айында мәселе көтерілгеніне және қазақ пен қалмақтың соғыстары 1739-1741 жылдары ең ауыр, әрі ең ұзақ шайқастары болғанына қарағанда, Абылай қалмақтарға 1741 жылғы соғыста қолға түскен болуы керек. Тұтқынға ол екі жылдай болған секілді. Олай дейтініміз: 1743 жылғы қыркүйекте Орта Жүзге барып қайтқан Т.Барташевтің Орынбор комиссиясына жазған хабарында былай



делінген: «Жоңғар билеушісі Галдан Церен Абылай ханды тұтқыннан босатпай тұрып, қазақтарға өз атынан елші жіберген. Өзінде аманатта қалып отырған Әбілмәмбеттің ұлының орнына Барақ сұлтанның ұлын жіберуді талап еткен. Бұл жөнінде қазақтар Қазыбек бимен және басқа да ел ағаларымен ақылдасқан. Бұдан бір ай өткен соң Абылай қасындағы басқа да адамдармен бірге жоңғар тұтқынынан босап келген» (Абылай хан, 2005: 119).

Бұларға қарай отырып біз өткен тарихи кезеңде орын алған тарихи оқиғалар халықтың жадында ғасырлар бойы сақталып, фольклорлық мәтіндерге де арқау болғанын көреміз. Сөйтіп, тарихи жырлар мен аңыздарда айтылатын дүниелердің жазба құжаттарда да кездесуі тарихи жырлардағы деректердің тарихи шындықтан тым көп ауытқымайтынын түсіндіріп береді.

«Сабалақ», «Абылай» және «Ел қормалы – ер Абылай» жырында Абылайдың бейнесінің сомдалуында жетім өскен баланың хандық дәрежеге жетуі баяндалған. Яғни бұл жырлар ханның алғашқы өмірі мен хандық өреге жеткендегі тағдырын қатар көрсетіп, Абылайдың жетім баладан хандық дәрежеге жеткенге дейінгі тұлғасын көрсетуге қызмет еткен.

Абылай тұлғасы тек Абылай ханға байланысты туған жырлар мен аңыздарда ғана емес, сол кезеңде өмір сүрген Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қабанбай, Ер Жәнібек, Бердіқожа, Райымбек, Наурызбай, Баян, Балта керей Тұрсынбай батырларға байланысты туған жырлар мен аңыздарда, сол дәуірде жасаған Үмбетей, Бұқар қатарлы жыраулардың толғауларында, Қазыбек, Төле би қатарлы билерге байланысты ел арасында тараған аңыздар мен шешендік сөздерде де дәйім кездесіп отырады. Бұдан біз халық бастан кешкен тарихи жағдайларды, хандарды, батырларды жадында сақтап жыр, дастан арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге тырысқанын көреміз (Saltakova, 2021).

Абылай туралы жырлар мен аңыздарда оның қалай хан болғаны, әскери іс-қимылдарды қалай басқарғаны, батырлар мен сарбаздарды жорыққа қалай ұйымдастырғаны, басқа елдің басшысымен қалай сөйлесіп, қандай айла-амал қолданғаны, жаудың ордасында өзін қалай ұстағаны сияқты көптеген жағдайлар бейнеленеді. «Тарихи жырлар Абылайды заңды билеуші – хан ретінде сипаттап көрсетеді. Соған қарамастан ол өзін хан тұқымы ретінде емес, жаужүрек батыр ретінде танытады. Сол себепті халық оны хан сайлайды, атақты батырлар оның маңайына топтасады, оның ақыл-кеңесін тыңдайды, бұйрығын орындайды» (Қасқабасов, 2012: 131).

Абылай ханға байланысты жырлар мен аңыздарды алғаш қағазға түсіріп, ғылыми айналымға енгізген ғалым Ш.Ш. Уәлиханов екені белгілі. Онан кейін де Абылай тұлғасын зерттеуші тарихшы, әдебиеттанушы, фольклортанушы ғалымдардың қатары тым көп болды. Скопус базасына енген журналда Абылай тұлғасына байланысты фольклорлық аңыз-жырлар мен тарихи құжаттарды салыстыра қарастырған А.Абсадық бастаған авторлардың зерттеу мақаласы да жарық көрді (Abdasadyk, 2021: 325-336). Ал енді Абылай ханға байланысты мол мұраларымыз М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған тарихи жырлар (Бабалар сөзі. Т.57., 2010) мен тарихи аңыздарда (Бабалар сөзі. Т.86., 2012), және «Балалар сөзінің» қытайдағы қазақтардың фольклорына арналған он томдығының бір томына Абылай ханға байланысты екі мәтін енген (Бабалар сөзі. Т.29., 2006). Қытайда Абылай ханға байланысты мұрағат құжаттарының мол қоры сақталған. Бұл енді өз алдына бөлек тақырып.

Қорытынды. Бүгінгі кезде елімізде шетелдегі қазақтар арасынан, соның ішінде Қытайдағы қазақтар арасынан жиналып, жарық көрген халық мұраларының аса бай кеніші қалыптасып отыр. Оны фольклорлық тұрғыдан, тарихи, этнографиялық тұрғыдан әр бағытта жете зерттеудің қажеттілігі күн тәртібінен түскен жоқ һәм алдағы жерде де күн тәртібінде қала береді. Біз арнайы қарастырып отырған тарихи жырлар мен аңыз мәтіндерінен Абылай хан жасаған дәуірде жоңғар-ойраттары елімізге ауық-ауық шабуылдар жасап, елді боқынға, шұбырындыға ұшыратқанын, елдің еңсесі бірде түсіп, бірде көтеріліп қиын кезеңдерді басынан өткергенін көре аламыз. Сонымен бірге соғыс ғасырларға жалғасып, Қазақ хандығын титықтатқанымен бағындыра алмағанын, Қазақ мемлекетінің дамуына кері әсерін тигізгенімен оның даму процесін тоқтата алмағанын, халықтың рухын түсіріп, құлдыққа сала алмағанын көреміз. Елі мен жерін қорғау үшін халық өзінің бойындағы ең асыл қасиетін, күші мен рухын біріктіріп, намысын қайрап, жігерін жаныды. Соның бір айқын айғағы ел арасында кең тарап, күні бүгінге дейін халық санасынан өшпестей орын алған түрлі тарихи жырлар мен аңыздарда айтылған жауынгерлікке толы мазмұндар, ел тізгінін қолына ұстап,



қиын-қыстау кезеңнен елді аман алып шыққан Абылайдай данаға байланысты туған жырлар мен аңызда сақталған мәліметтер толық дәлел бола алады. Біз бүгін мұндай аңыз-әңгімелер мен жырлардың елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдегі қазақтар арасында да молынан сақталғанына көзімізді жеткізіп отырмыз. Абылай хан және оның айналасындағы батырлар туралы мұндай тарихи жәдігерлердің басты көтеретін тақырыбы – елдің елдігін, елдің іргесінің тұтастығын қорғау болып келеді. Бұл кезеңде жасаған батырлардың алға қойған мақсаты да бірдей болды. Тарихи жәдігерлер олардың тек ғана елдікті сақтап қалуға бар күш-жігерін салғанын жырлаған. Ел үшін жан алысып, жан берісуге дайын батыр тұлғасын сомдауды мақсат еткен.

Әдебиеттер

Abdasadyk, A.A., Isenov, O.I., Taskuzhina, A.B., Kulbayeva, M., Mukhitov, K.S. (2021). Abylai Khan: A historical figure and a folklore character (Case study of legends about the orphanage of the ruler) // *Astra Salvensisthis link is disabled*, pp. 325–336.

Абылай хан, 2005 – Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар. (Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған. З.С.Тайшыбай). Петропавл, 2005. 477 б.

Бабалар сөзі. Т.29., 2006 – Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Т.29. Тарихи жырлар. Астана: Фолиант, 2006. 400 б.

Бабалар сөзі. Т.57., 2010 – Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Т.57. Тарихи жырлар. Астана: Фолиант, 2010. 408 б.

Бабалар сөзі. Т.86., 2012 – Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Т.86. Тарихи аңыздар. Астана: Фолиант, 2012. 448 б.

Балықшыұлы, 1984 – Балықшыұлы Қ. Әдебиет-көркемөнер мұраларымызды жинауға шұғыл кірісейік // Қазақ ауыз әдебиеті туралы байымдаулар. Құрастырған: Қ.Балықшыұлы. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1984. 757 б.

Дөрбілжін ауданының қисса-дастандары, 1992 – Дөрбілжін ауданының қисса-дастандары. Дөрбілжін, 1992. 441 б.

Жеменей ауданының аңыз-ертегілері, 1991 – Жеменей ауданының аңыз-ертегілері. Жеменей, 1991. 417 б.

Цзя Чжэ, 1984 – Цзя Чжэ. Ынтымақтасып еліміздің халық ауыз әдебиетін көркейту жолында күш салайық // Қазақ ауыз әдебиеті туралы байымдаулар. Құрастырған: Қ.Балықшыұлы. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1984. 757 б.

Кәсейұлы, 2010 – Кәсейұлы Б. Қазақ халық ауыз әдебиетінің қазіргі ауқымы // Қазақ халық ауыз әдебиеті туралы зерттеулер. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2010. 521 б.

Қазақ қиссалары. Т.11., 1991 – Қазақ қиссалары. Т.11.: Батырлар жыры (Құрастырғандар: Әбдірешит Байболат, Қабден Балықшыұлы). Бейжің: Ұлттар баспасы, 1991. 425 б.

Қазақ қиссалары. Т.2., 1984 – Қазақ қиссалары. Т.2.: Батырлар жыры (Құрастырғандар: Қабден Балықшыұлы, Оразанбай Егеубаев). Бейжің: Ұлттар баспасы, 1984. 966 б.

Қазақ қиссалары. Т.4., 1985 – Қазақ қиссалары. Т.4.: Батырлар жыры (Құрастырған: Оразанбай Егеубаев). Бейжің: Ұлттар баспасы, 1985. 425 б.

Қасқабасов, 2012 – Қасқабасов С. Абылай // Тәуелсіздік және фольклор. Алматы, 2012. 400 б.

Қозыбаев, 1958 – Қозыбаев Қ. Аңыздар мен ертегілер. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1958. 57 б.

Мұра журналының 30 жылдық индексі, 2012 – Мұра журналының 30 жылдық индексі (1982-2012). Құрастырған: Әділет Ахметұлы. Үрімжі, 2012. 215 б.

Мыңжани, 2012 – Мыңжани Н. Қазақ фольклоры және оның қисса-дастандары жайында // Мұра. 30 жылдан таңдамалылар. 1-том (1982-2012). Құрастырған: Дәлелбек Қинаятұлы. Үрімжі, 2012. 602 б.

Saltakova Zh., Onal M.N., Albekov T.K. (2021) Türk Halklarının Şecerecilik Geleneği ya da Millî Bellek. – Milli Folklor, 130 (Yaz, 2021). p.21-30. (in tur) <https://www.millifolklor.com/PdfViewer.aspx?Sayi=130&Sayfa=23>

Сәмитұлы, 2000 – Сәмитұлы Ж. Қытайдағы қазақтар. Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының баспасы, 2000. 312 б.

Сәнік, 1980 – Сәнік З. Әдеби мұралар жөнінде // Шалғын, 1980. №1. 111 б.

Тарихи жырлар. Т.1., 1995 – Тарихи жырлар. Т.1. Алматы, 1995. 288 б.

Татанайұлы, 1987 – Татанайұлы А. Тарихи дерек, келелі кеңес. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1987. 205 б.



References

- Abdasadyk, A.A., Isenov, O.I., Taskuzhina, A.B., Kulbayeva, M., Mukhitov, K.S. (2021). Abylai khan: tarikhi tulga zhane folklorlyq keipker (bileushining jetimdigi turaly angyzdar) [Abylai Khan: A historical figure and a folklore character (Case study of legends about the orphanage of the ruler)] // *Astra Salvensis* this link is disabled, pp. 325–336. (In Eng.).
- Abylai khan, 2005 – Abylay khan. omiri men qizmetine qatisti qujattar men materialdar [Abylai Khan. Documents and materials related to the life and work of Abylai Khan]. (Qurastyrgan, qazaqshaga audargan, korsetkishterin tuzgen, tusinikterin jazgan. Z.S. Taishybai). Petropavl, 2005. 477 p. (In kaz.).
- Babalar sozy. T.29., 2006 – Babalar sozy. zhuztomdyq. T.29. Tarikhi zhyrlar [Words of the Ancestors, Hundred-volume. Vol. 29. historical poem.]. Astana: Foliand, 2006. 400 p. (In kaz.).
- Babalar sozy. T.57., 2010 – Babalar sozy. zhuztomdyq. T.57. Tarikhi zhyrlar [Words of the Ancestors, Hundred-volume. Vol. 57. historical poem.]. Astana: Foliand, 2010. 408 p. (In kaz.).
- Babalar sozy. T.86., 2012 – Babalar sozy. zhuztomdyq. T.86. Tarikhi angyzdar [Words of the Ancestors, Hundred-volume. Vol. 86. historical legend.]. Astana: Foliand, 2012. 448 p. (In kaz.).
- Balyqshyuly, 1984 – Balyqshyuly Q. Adebiet-korkemoner muralarymyzdy zhinauga shugyl kiriseyik // Qazaq auyz adebieti turaly baiymdaular [Let's urgently start collecting our literary and artistic heritage // Opinions about Kazakh oral literature]. Qurastyrgan: Q. Balyqshyuly. Urimzhi: Shinzhiang khalyq baspasy, 1984. 757 p. (In kaz.).
- Dorbylzhin audanyning qissa-dastandary, 1992 – Dorbylzhin audanyning qissa-dastandary [Epics and Stories of Durbilzhin district]. Dorbylzhin, 1992. 441 p. (In kaz.).
- Zhemeney audanyning angiz-ertegileri, 1991 – Zhemeney audanyning angiz-ertegileri [Legends and stories of Zhemeney district.]. Zhemeney, 1991. 417 p. (In kaz.).
- Jia Zhe, 1984 – Jia Zhe. Intymaqtasyp elimizding khalyq auyz adebietin korkeitu zholynda kush salayiq // Qazaq auyz adebieti turaly baiymdaular [Let's work together to improve the folk literature of our country // Opinions about Kazakh oral literature]. Qurastyrgan: Q. Balyqshyuly. Urimzhi: Shinzhiang khalyq baspasy, 1984. 757 p. (In kaz.).
- Kaseyuly, 2010 – Kaseyuly B. Qazaq khalyq auyz adebietining qazirgi auqymy // Qazaq khalyq auyz adebieti turaly zertteuler [The Current Situation of Kazakh Folk Oral Literature // Research on Kazakh Folk Oral Literature]. Urimzhi: Shinzhiang khalyq baspasy, 2010. 521 p. (In kaz.).
- Qazaq qissalary. T.11., 1991 – Qazaq qissalary. T.11.: Batyrlar zhyry [Kazakh Epics. T.11., Epics of heroes]. (Qurastyrgandar: Abdireshit Baybolat, Qabden Balyqshyuly). Beyjing: Ulttar baspasy, 1991. 425 p. (In kaz.).
- Qazaq qissalary. T.2., 1984 – Qazaq qissalary. T.2.: Batyrlar zhyry [Kazakh Epics. T.2., Epics of heroes]. (Qurastyrgandar: Qabden Balyqshyuly, Orazanbay Egeubaev). Beyjing: Ulttar baspasy, 1984. 966 p. (In kaz.).
- Qazaq qissalary. T.4., 1985 – Qazaq qissalary. T.4.: Batyrlar zhyry [Kazakh Epics. T.4., Epics of heroes]. (Qurastyrgan: Orazanbay Egeubaev). Beyjing: Ulttar baspasy, 1985. 425 p. (In kaz.).
- Qasqabassov, 2012 – Qasqabassov S. Abilay // Tauelsizdik jane folklor. [Abylai // Independence and folklore]. Almaty, 2012. 400 p. (In kaz.).
- Qozybaev, 1958 – Qozybaev Q. ertegiler men Angyzdar. [Legends and stories]. Urimzhi: Shinzhiang khalyq baspasy, 1958. 57 p. (In kaz.).
- Mura jurnalnyng 30 zhyldyq indexi, 2012 – Mura jurnalnyng 30 zhyldyq indexi (1982-2012). [30-year index of "Mura" magazine]. Qurastyrgan: Adilet Akhmetuly. Urimzhi, 2012. 215 p. (In kaz.).
- Myngzhani, 2012 – Myngzhani N. Qazaq folklori jane onyng qissa-dastandary jaiynda // Mura. 30 zhyldan tangdamalyar. T.1. (1982-2012). Qurastyrgan: Dalelbek Qinayatuly [About Kazakh folklore and its stories // Mura. Selections from 30 years. Volume 1]. Urimzhi, 2012. 602 p. (In kaz.).
- Saltakova Zh., Onal M.N., Albekov T.K. (2021) Turki khalyqtarynyng genologialyq dastury nemese ulttyq zhady [Türk Halklarının Şecerecilik Geleneği ya da Milli Bellek]. – Milli Folklor, 130 (Yaz, 2021). p.21-30. (in tur) <https://www.millifolklor.com/PdfViewer.aspx?Sayi=130&Sayfa=23> (In tur.).
- Samituly, 2000 – Samituly Zh. Qytadagy qazaqtar [Kazakhs in China]. Almaty: Duniejuzi qazaqtary qauymdastygynyng baspasy, 2000. 312 p. (In kaz.).
- Sanik, 1980 – Sanik Z. Adebii muralar zhoninde [About literary heritage] // Shalgyn, 1980. №1. 111 p. (In kaz.).
- Tarikhi zhyrlar. T.1., 1995 – Tarikhi zhyrlar. T.1. [About literary heritage]. Almaty, 1995. 288 p. (In kaz.).
- Tatanaiuly, 1987 – Tatanaiuly A. Tarikhi derek, keleli kenges [Historical data, advice]. Urimzhi: Shinzhiang khalyq baspasy, 1987. 205 p. (In kaz.).



МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

«ОТАН ТАРИХЫ». 2023. № 26 (3).

ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ – METHODOLOGY

<i>Сарқытқан Қ., Мәсімханұлы Д.</i> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНАН.....	438
--	-----

ТАРИХ – HISTORY – ИСТОРИЯ

<i>Орынбаева Г.У.</i> ДИСКУССИИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ О ВОССТАНИИ 1916 г. В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЗДАНИЕ МИФА.....	454
<i>Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva N.N., Ali Ali Ali Ahmad Shaban (Egunem).</i> HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TURKIC WRITTEN MONUMENTS.....	469
<i>Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И.</i> ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ.....	479
<i>Vitakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Muminov A.K. (Турция)</i> SYMBIOSIS OF SPIRITUAL AND SECULAR FORMS OF CENTRAL ASIAN EDUCATION IN THE HISTORY OF THE TWENTIETH CENTURY.....	495
<i>Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.Қ.</i> 1868 ж. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ.....	511
<i>Michal Pedracki (Польша), Khasseanova Zh.O., Jizenaliev Y.K.</i> ADAPTIVE FACTORS OF THE FORMATION OF THE POLICH DIASPORA IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.....	523
<i>Бекенова А.А., Қозыбаева М.М.</i> 1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ.....	536
<i>Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Kishibayeva S.B.</i> URBANISM OF KAZAKHSTAN OF THE XIX-XX CENTURIES THROUGH THE PRISM OF PHOTO SOURCES.....	554
<i>Қабдолдина К.Қ.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА.....	567
<i>Набиолла Н., Ошан Ж.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР.....	582
<i>Капаева А.Т.</i> ГОЛОД 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И РЕГИОНАХ РОССИИ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	594
<i>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</i> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946-1970 ж.ж.).....	606
<i>Zhutanbayev D.N., Ayagan B.G., Kara A. (Турция)</i> HISTORY OF THE FORMATION OF THE LEGAL BASIS OF TRANSITION TO THE MULTIPARTY SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1980S - FIRST HALF OF THE 1990S.....	618
<i>Гривенная Л.А., Бекишев Р.А.</i> ТАЙНА СПИСКА «232-х»: СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЖЕРТВ ВОССТАНИЯ 1921 ГОДА НА ОСНОВЕ ЧАСТОТНОГО И ГРАФИЧЕСКОГО АНАЛИЗА.....	632

**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

<i>Талеев Д. Ә.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРІЯ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ.....	650
<i>Белтенов Ж.</i> ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ.....	662



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
